

Қазақстан Республикасының Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің 2020 жылғы 8
сәуірдегі № 299 Жарлығы

Президент Республики Казахстан

2020 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет туралы

Ескерту. 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі – осы жарлықтың 27-тармағымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» 2020 жылғы 16 наурыздағы № 286 және «Экономиканы тұрақтандыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы» 2020 жылғы 16 наурыздағы № 287 жарлықтарына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. 2020 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет осы Жарлыққа 1-қосымшаға сәйкес мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 11 721 910 617 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша – 6 261 091 551 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша – 148 669 598 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 4 347 700 мың теңге;

трансферттер түсімдері бойынша – 5 307 801 768 мың теңге;

2) шығындар – 13 827 744 872 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 161 372 249 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 271 420 571 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 110 048 322 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 171 578 829 мың теңге, оның ішінде:



қаржы активтерін сатып алу – 171 578 829 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы – -2 438 785 333 мың теңге немесе елдің жалпы ішкі өнімінің 3,5 проценті;

6) бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы – -7 537 950 709 мың теңге немесе елдің жалпы ішкі өнімінің 10,8 проценті;

7) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 2 438 785 333 мың теңге.

2. 2020 жылға арналған республикалық бюджетте Ресей Федерациясының «Байқоңыр» кешенін пайдаланғаны үшін 48 836 475 мың теңге сомасында және әскери полигондарды пайдаланғаны үшін 8 817 160 мың теңге сомасында жалдау төлемақыларының түсімдері көзделсін.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін 2020 жылға арналған түсімдердің көлемдері осы Жарлыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Тиісті бюджеттің кірісіне мыналар есепке жатқызылатын болып белгіленсін:

1) Бірыңғай бюджеттік сыныптаудың бюджет түсімдері сыныптамасының «Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық» коды бойынша – жер қойнауын пайдаланушылардың роялти бойынша берешегі, сондай-ақ салық режимі тұрақтылығының кепілдіктері сақталатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша роялти;

2) Бірыңғай бюджеттік сыныптаудың бюджет түсімдері сыныптамасының «Әлеуметтік салық» коды бойынша – бұрын Зейнетақы қорына, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа, Міндетті медициналық сақтандыру қорына, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына аударылып келген жарналар бойынша берешек, сондай-ақ автомобиль жолдарын пайдаланушылардың бұрын Жол қорына түсіп келген аударымдары.

Бұл ретте салық режимі тұрақтылығының кепілдіктері сақталатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілер жоғарыда көрсетілген аударымдарды немесе әлеуметтік салықты «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» және «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының

заңдарына сәйкес есептелген Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдардың сомасына азайтады.

5. 2020 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерден, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерінен республикалық бюджетке бюджеттік алып қоюлар көлемі 420 081 203 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Атырау облысынан – 207 308 563 мың теңге;

Маңғыстау облысынан – 8 213 586 мың теңге;

Алматы қаласынан – 171 705 010 мың теңге;

Нұр-Сұлтан қаласынан – 32 854 044 мың теңге.

6. Төтенше жағдай режимінің енгізілуіне байланысты 2020 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерден, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттерінен 100 000 000 мың теңге сомасында трансферттер түсімдері көзделсін.

Облыстық бюджеттерден, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттерінен трансферттердің түсімдерін бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалсын.

7. 2020 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферт мөлшері 4 770 000 000 мың теңге сомасында көзделсін.

8. 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері – 42 500 теңге;

2) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төмен мөлшері – 16 839 теңге;

3) зейнетақының ең төмен мөлшері – 38 636 теңге;

4) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 651 теңге;

5) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 31 183 теңге болып белгіленсін.

2020 жылғы 1 сәуірден бастап:

1) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері – 17 641 теңге;

2) зейнетақының ең төменгі мөлшері – 40 441 теңге;

3) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 778 теңге;

4) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 32 668 теңге болып белгіленсін.

9. Жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдеріне жұмсалатын қаражат олардың мөлшерін:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 7 процентке;

2020 жылғы 1 сәуірден бастап 5 процентке арттыруды ескере отырып көзделген деп белгіленсін.

10. 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) және арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлеріне тұрғынжайды күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтемақының айлық мөлшері 3 739 теңге сомасында белгіленсін.

11. 2020 жылға арналған республикалық бюджетте республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге және республикалық маңызы бар қала бюджетіне берілетін субвенциялар көлемдері 2 104 432 069 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Ақмола облысына – 144 374 019 мың теңге;

Ақтөбе облысына – 108 477 102 мың теңге;

Алматы облысына – 200 784 429 мың теңге;

Шығыс Қазақстан облысына – 215 011 180 мың теңге;

Жамбыл облысына – 194 694 095 мың теңге;

Батыс Қазақстан облысына – 74 353 253 мың теңге;

Қарағанды облысына – 142 580 335 мың теңге;

Қызылорда облысына – 174 491 013 мың теңге;

Қостанай облысына – 140 029 261 мың теңге;

Павлодар облысына – 55 409 709 мың теңге;

Солтүстік Қазақстан облысына – 142 628 787 мың теңге;

Түркістан облысына – 379 908 299 мың теңге;

Шымкент қаласына – 131 690 587 мың теңге.

12. 2020 жылға арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне:

1) инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге;

2) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялауға;

3) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша проценттік мөлшерлемені субсидиялауға;

4) ауыл шаруашылығы жануарларын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға;

5) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасын субсидиялауға;

6) облигациялар бойынша купондық сыйақыны субсидиялауға;

7) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің сапасы мен өнімділігін арттыруды субсидиялауға;

8) саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге және карантинді объектілерге қарсы өңдеу жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялауға;

9) тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға;

10) жеке және заңды тұлғаларға жеміс дақылдарының бактериялық күйігін жұқтырған жойылған жеміс-жидек дақылдарын отырғызу мен өсіру шығындарын өтеуге;

11) басым дақылдар өндіруді субсидиялауға;

12) тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялауға;

13) төтенше жағдай кезеңінде қоғамдық тәртіпті сақтауды күшейтілген режимде қамтамасыз еткен ішкі істер органдарының қызметкерлеріне сыйлықақы төлеуге;

14) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге;

15) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын енгізуге;

16) үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға;

17) Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға;

18) кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және теңшеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге;

19) мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға;

20) мемлекеттік халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін жұмыскерлердің жалақысына қосымша ақылар белгілеуге;

21) мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

22) мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;

- 23) орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге;
- 24) мемлекеттік орта білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;
- 25) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;
- 26) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияның мөлшерін ұлғайтуға және шығыстардың осы бағыты бойынша жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен төленген сомаларды өтеуге;
- 27) «Жас маман» жобасы шеңберінде колледждер үшін жабдықтар сатып алуға;
- 28) мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;
- 29) мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;
- 30) көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балалары үшін жоғары білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға;
- 31) медициналық ұйымның жыныстық құмарлықты төмендететін, сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын іс-шараларды өткізуіне;
- 32) жергілікті деңгейде денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға;
- 33) қаржы лизингі шарттарымен сатып алынған санитариялық көлік бойынша лизинг төлемдерін өтеуге;
- 34) вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға;
- 35) саламатты өмір салтын насихаттауға;
- 36) ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыруға;
- 37) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендия мөлшерін ұлғайтуға және

шығыстардың осы бағыты бойынша жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленген сомаларды өтеуге;

38) жергілікті атқарушы органдардың денсаулық сақтау саласындағы ұйымдары қызметкерлерінің еңбекақысын арттыруға;

39) мемлекеттік мәдениет ұйымдарының және архив мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына мәдениет ұйымдарындағы және архив мекемелеріндегі ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықақысына қосымша ақылар белгілеуге;

40) «Ауыл – Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға;

41) «Бизнестің жол картасы – 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беруге;

42) «Бизнестің жол картасы – 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы және Басым жобаларды кредиттеу тетігі шеңберінде кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға және кепілдік беруге;

43) Қазақстан Республикасында төтенше жағдай режимінде коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша халықтың төлемдерін өтеуге;

44) шағын және орта бизнес субъектілерінің салықтық жүктемесін төмендетуге байланысты шығыстарды өтеуге;

45) көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға;

46) халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына және (немесе) аз қамтылған көпбалалы отбасыларға коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғынжайын сатып алуға;

47) жұмыс істейтін жастарға коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғынжайын сатып алуға бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалсын.

Облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің осы баптың бірінші бөлігінің 6), 8), 10), 17) және 18)

тармақшаларында көрсетілген 2020 жылға арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалсын.

13. Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне облыс орталықтарында, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Семей қалаларында және моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге 2020 жылға арналған кредиттер сомаларын бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалсын.

14. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының іс-шараларын іске асыруға арналған қаражатты бөлу және (немесе) пайдаланудың тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалсын.

15. Жұмыспен қамтудың 2020 – 2021 жылдарға арналған жол картасының іс-шараларын іске асыруға арналған қаражатты бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалсын.

16. «Қарағандышахтатарату» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне берілген, таратылған шахталардың жұмыскерлеріне келтірілген залалды өтеуге берілетін қаражатты бөлу және (немесе) пайдаланудың тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалсын.

17. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылға арналған резерві 262 160 089 мың теңге сомасында бекітілсін.

18. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2020 жылға арналған шығындарының құрамында мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыруға және сақтауға республикалық бюджет кірістерінде жаңарту тәртібінде шығарылған материалдық құндылықтарды өткізуден түскен 4 347 700 мың теңге сомасындағы қаражатты көрсете отырып, 11 715 640 мың теңге сомасында қаражат көзделгені ескерілсін.

19. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің 2020 жылға арналған шығындарының құрамында мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару шарты бойынша міндеттемелерді орындауға «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамына аудару үшін 52 965 019 мың теңге сомасында қаражат көзделгені ескерілсін.

20. 2020 жылға арналған республикалық бюджетте мемлекет кепілдік берген қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету үшін 682 537 мың теңге көзделсін.

21. 2020 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін беру лимиті 900 000 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

22. Экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктер лимиті 2020 жылы қолданылмайды деп белгіленсін.

23. 2020 жылғы 31 желтоқсанға үкіметтік борыш лимиті 15 500 000 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

24. 2020 жылға мемлекеттің кепілгерлік беру лимиті 442 276 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

25. 2020 жылға Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиті 2 344 382 123 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

26. 2020 жылға арналған республикалық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын республикалық бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесі осы Жарлыққа 3-қосымшаға сәйкес бекітілсін. 2020 жылға арналған жергілікті бюджеттерді атқару процесінде осы Жарлыққа 4-қосымшаға сәйкес жергілікті бюджеттік бағдарламалар секвестрлеуге жатпайды деп белгіленсін.

27. Осы Жарлық 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті

Қ.Тоқаев

**Қазақстан Республикасы
Президентінің
2020 жылғы 8 сәуірдегі
№ 299 Жарлығына
1-ҚОСЫМША**

2020 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет

Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
Сыныбы		Ішкі сыны- бы		
			I. Кірістер	11 721 910 617
1			Салықтық түсімдер	6 261 091 551
	01		Табыс салығы	1 771 744 005
		1	<i>Корпоративтік табыс салығы</i>	<i>1 771 744 005</i>
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	3 756 792 104
		1	<i>Қосылған құн салығы</i>	<i>3 380 070 051</i>
		2	<i>Акциздер</i>	<i>85 370 840</i>
		3	<i>Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер</i>	<i>266 055 006</i>
		4	<i>Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар</i>	<i>6 069 279</i>
		5	<i>Ойын бизнесіне салық</i>	<i>19 226 928</i>
	06		Халықаралық сауда мен сыртқы операцияларға салынатын салықтар	690 744 339
		1	<i>Кеден төлемдері</i>	<i>671 569 521</i>
		2	<i>Халықаралық сауда мен операцияларға салынатын басқа да салықтар</i>	<i>19 174 818</i>
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	41 811 103
		1	<i>Мемлекеттік баж</i>	<i>41 811 103</i>
2			Салықтық емес түсімдер	148 669 598
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	108 240 353
		1	<i>Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері</i>	<i>5 800 000</i>
		3	<i>Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер</i>	<i>30 906 078</i>
		4	<i>Мемлекет меншігінде тұрған, заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер</i>	<i>2 602 991</i>
		5	<i>Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер</i>	<i>58 870 276</i>
		6	<i>Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар</i>	<i>700 000</i>
		7	<i>Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар</i>	<i>2 589 120</i>
Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
Сыныбы				

		Ішкі сыны- бы		
		9	<i>Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер</i>	6 771 888
02			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	2 548 608
		1	<i>Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер</i>	2 548 608
03			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	77 000
		1	<i>Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері</i>	77 000
04			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	7 325 078
		1	<i>Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар</i>	7 325 078
05			Гранттар	291 049
		2	<i>Қаржылық көмек</i>	291 049
06			Басқа да салықтық емес түсімдер	30 187 510
		1	<i>Басқа да салықтық емес түсімдер</i>	30 187 510
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	4 347 700
	02		Мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар сату	4 347 700
		1	<i>Мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар сату</i>	4 347 700
4			Трансферттердің түсімдері	5 307 801 768
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	537 801 768
		1	<i>Облыстық бюджеттерден, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттерінен трансферттер</i>	537 801 768
	04		Ұлттық қордан трансферттер	4 770 000 000
		1	<i>Республикалық бюджетке Ұлттық қордан трансферттер</i>	4 770 000 000
Функционалдық топ		Атауы		Сомасы, мың теңге
	Әкімші			
	Бағдарлама			
		II. Шығындар		13 827 744 872
1		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер		560 345 999
	101	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі		9 282 543
		001	<i>Мемлекет басшысының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер</i>	6 908 831

	002	Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының стратегиялық аспектілерін болжамды-таламалық қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	510 935
	003	Архив қорының, баспа басылымдарының сақталуын қамтамасыз ету және оларды арнайы пайдалану жөніндегі қызметтер	409 393
	007	Орталық коммуникациялар қызметінің жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	693 598
	009	Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	759 786
104		Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі	2 373 856
	001	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2 373 856
106		Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық	159 096
	001	Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалау жөніндегі қызметтер	93 368
	008	Азаптаулардың алдын алу жөніндегі Ұлттық алдын алу тетігін нығайту	65 728
107		Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Аппараты	301 833
	001	Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің қызметін қамтамасыз ету жөнінде көрсетілетін қызметтер	301 833
108		Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының Кеңесі	2 264 124
	001	Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 219 091
	008	Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 045 033
201		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	89 008 135
	001	Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстық-атқару жүйесі, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы мемлекеттік саясатты айқындау және оның іске асырылуын ұйымдастыру жөніндегі қызметтер	89 008 135
204		Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі	82 082 976
	001	Сыртқы саяси қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер	55 431 416
	003	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын делимитациялау және демаркациялау	240 502
	005	Шетелдік іссапарлар	3 065 880
	008	Шетелдегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы, инженерлік-техникалық және нақты қорғалуын қамтамасыз ету	114 929
	013	Халықаралық ұйымдарда, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының жарғылық және басқа органдарында Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру	451 587
	017	Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға, өзге де халықаралық және басқа органдарға қатысуы	19 549 639
	019	Ақпараттық-имидждік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ету	3 229 023
207		Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі	9 934 758

Функционалдық топ		Атауы	Сомасы, мың теңге
	Әкімші		
	Бағдарлама		
	001		9 934 758

		<i>Экология, геология және табиғи ресурстар саласындағы қызметті үйлестіру бойынша көрсететін қызметтер</i>	
209		Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі	7 300 485
	001	Ақпарат және қоғамдық даму саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру	5 510 302
	002	Қоғамдық келісім саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру	1 790 183
211		Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі	3 390 561
	001	Ішкі және сыртқы сауда саясаты, халықаралық экономикалық интеграция, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, техникалық реттеу, стандарттау және өлшем бірлігін қамтамасыз ету, шикізаттық емес экспортты дамыту және ілгерілету саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру	3 390 561
217		Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	130 064 060
	001	<i>Бюджеттік жоспарлауды, орындалуын және мемлекеттік бюджеттің атқарылуын бақылауды қамтамасыз ету және экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметтер</i>	92 641 593
	002	Халықаралық қаржы ұйымдары қаржыландыратын инвестициялық жобалардың аудитін жүзеге асыру	22 960
	019	Жеңілдікті тұрғын үй кредиттері бойынша бағамдық айырманы төлеу	7 135
	030	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ақпараттық жүйелерін құру және дамыту	8 737 810
	067	Саяси партияларды қаржыландыру	9 258 140
	072	Салық әкімшілігі жүйесін реформалау	2 833 139
	091	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің объектілерін және инфрақұрылымын салу	5 838 748
	094	Мемлекеттік активтерді басқару	724 535
	205	Шекарадағы өткізу пункттерін жаңғырту және техникалық жарақтандыру	10 000 000
223		Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі	3 063 824
	001	Цифрландыру, инновациялар, аэроғарыш және электрондық өнеркәсіп, ақпараттандыру және байланыс саласындағы ақпараттық қауіпсіздік (киберқауіпсіздік), топографты-геодезия және картография саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру	3 063 824
225		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	48 827 794
	130	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін базалық қаржыландыру	5 620 320
	217	Ғылымды дамыту	43 207 474
241		Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі	3 004 658
	001	Энергетика, атом энергиясы, мұнай-газ және мұнай-химия өнеркәсібі саласындағы қызметті үйлестіру бойынша көрсететін қызметтер	3 004 658
243		Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі	2 398 676
	001	Инвестициялар тарту жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыру, экономикалық саясатты дамыту, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және іске асыру, табиғи монополиялар субъектілерінің және статистика қызметі саласындағы қызметті реттеу, бәсекелестікті қорғауды қамтамасыз ету, өңірлік даму және кәсіпкерлікті дамыту саласындағы қызметті үйлестіру бойынша көрсетілетін қызметтер	16 449 368
	006	Халықаралық ұйымдармен бірлесіп жүзеге асырылатын жобаларды зерттеулердің іске асырылуын қамтамасыз ету	952 188
	007	Өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және мемлекеттік басқаруды жетілдіру	142 023
Функционалдық топ		Атауы	Сомасы, мың теңге

Әкімші			
	Бағдарлама		
	057	Қазақстанның Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен ынтымақтастығы шеңберінде Қазақстанның Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының бастамалары мен құралдарына қатысуы	121 729
	073	Әріптестік туралы негіздемелік келісімдер шеңберінде халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдеу жөніндегі жобалардың іске асырылуын қамтамасыз ету	2 045 713
	081	Статистикалық ақпаратты ұсынуды қамтамасыз ету	7 321 570
	096	Қазақстан Республикасы мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының арасындағы ынтымақтастық шеңберінде Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық жағдайына зерттеулер жүргізу	366 085
249		Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі	38 236 432
	001	<i>Өнеркәсіп, қорғаныс өнеркәсібі, бірыңғай әскери-техникалық саясатты және әскери-техникалық ынтымақтастықты жүргізуге қатысу, қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау саласындағы басшылық, индустриялық саясатты қалыптастыру, инфрақұрылымды және бәсекелестік нарықты, көлік және коммуникацияны, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру</i>	<i>10 208 897</i>
	222	<i>Тұрғын үй құрылыс жинақ салымдары бойынша сыйлықақылар төлеу</i>	<i>28 027 535</i>
	406	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті	2 258 792
	001	<i>Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер</i>	<i>1 683 726</i>
	007	<i>Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесін жетілдіру</i>	<i>575 066</i>
	608	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі	4 207 444
	001	<i>Мемлекеттік қызмет саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру</i>	<i>3 220 774</i>
	008	<i>Мемлекеттік қызмет саласындағы өңірлік хабты институционалдық қолдау және мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру, мемлекеттік көрсететін қызметтер сапасын қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тетіктерін жетілдіру</i>	<i>710 008</i>
	012	<i>Республиканың мемлекеттік қызмет кадрларын тестілеу бойынша көрсететін қызметтер</i>	<i>276 662</i>
	625	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі	9 326 926
	001	<i>Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру</i>	<i>9 326 926</i>
	637	Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Аппараты	425 133
	001	<i>Қазақстан Республикасы Конституциясының республика аумағында жоғары тұруын қамтамасыз ету</i>	<i>425 133</i>
	690	Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы	2 467 284
	001	<i>Сайлау өткізуді ұйымдастыру</i>	<i>645 410</i>
	002	<i>Сайлау өткізу</i>	<i>1 821 874</i>
	693	Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы	13 890 391
	001	<i>Қазақстан Республикасы Парламентінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер</i>	<i>13 890 391</i>
	694	Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы	71 076 218

Функционалдык топ		Атауы	Сомасы, мың теңге
	Әкімші		
	Бағдарлама		
	001	Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының мемлекеттік функциялары мен өкілеттіктерін жүзеге асыруды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	71 076 218
2		Қорғаныс	590 634 059
	201	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	84 766 168
	060	Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою саласындағы қызметті ұйымдастыру	84 766 168
	208	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі	312 269 106
	001	Қорғанысты және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік саясатты айқындау және іске асыру жөніндегі қызметтер	2 451 541
	047	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік, жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету	309 817 565
	249	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі	193 598 785
	004	Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауды қамтамасыз ету	193 598 785
3		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	797 200 266
	104	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі	1 522 923
	003	Мемлекеттік мекемелерді фельдъегерлік байланыспен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 522 923
	201	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	189 826 340
	015	Халықты жеке басты куәландыратын құжаттармен, жүргізуші куәліктерімен, көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттармен, нөмірлік белгілермен қамтамасыз ету	14 411 698
	076	Қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	122 428 695
	077	Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметін ұйымдастыру	40 449 458
	078	Ішкі істер органдарының жедел-ізвестіру қызметтерін жүзеге асыру	12 536 489
	217	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	6 269 300
	096	Жедел - ізвестіру қызметін және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыру	6 269 300
	221	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі	54 077 038
	001	Мемлекет қызметін құқықтық қамтамасыз ету	12 460 380
	005	Адвокаттардың заңгерлік көмек көрсетуі	1 813 004
	006	Мемлекеттік органдардың заң шығару қызметін ғылыми сүйемелдеу	473 499
	009	Халықты құқықтық ақпаратпен қамтамасыз ету және Бірыңғай құқықтық ақпарат жүйесін жүргізу	1 156 382
	047	Төреліктерде, шетелдік төреліктерде, шетелдік мемлекеттік және сот органдарында, сондай-ақ төрелікке және сотқа дейінгі дауларды реттеу процесінде мемлекеттің мүдделерін қорғау және білдіру, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қатысуымен шетелде өткізілетін сот немесе төрелік талқылаулардың перспективаларын бағалау	21 403 657
	059	Сот төрелігінің секторын институционалды түрде нығайту жобасын іске асыру	3 288 575
	061	Сот сараптамасы объектілерін салу	2 480 775
	065	Сот сараптамалары бойынша қызметтер	7 781 541

		066	<i>Зираттар бар крематорийлер салу үшін республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне берілетін нысаналы даму трансферттері</i>	3 219 225
410			Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті	403 638 357
Функционалдық топ			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Әкімші			
		Бағдарлама		
		001	<i>Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету</i>	399 780 343
		002	<i>Ұлттық қауіпсіздік жүйесін дамыту бағдарламасы</i>	3 858 014
	501		Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты	56 985 196
		001	<i>Сот органдарының азаматтардың және ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сотта қорғауды қамтамасыз етуі</i>	56 985 196
	502		Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы	37 360 511
		001	<i>Қазақстан Республикасында заңдардың және заңға тәуелді актілердің дәлме-дәл және бірізді қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асыру</i>	35 772 310
		015	<i>Құқықтық статистикалық ақпаратпен қамтамасыз етудің жедел жүйесін құру</i>	1 588 201
	624		Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)	22 840 004
		001	<i>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру</i>	19 369 188
		015	<i>Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу</i>	3 470 816
	681		Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі	24 680 597
		001	<i>Күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету</i>	24 680 597
4			Білім беру	899 250 198
	104		Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі	347 855
		009	<i>«Назарбаев Университеті» ДБҰ-ға нысаналы салым</i>	347 855
	201		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	11 191 372
		079	<i>Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кадрларын оқыту, біліктілігін арттыру және қайта даярлау</i>	11 191 372
	208		Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі	12 182 279
		005	<i>Мамандандырылған білім беру ұйымдарында жалпы білім беру</i>	1 201 319
		011	<i>Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімі бар мамандар даярлау</i>	10 295 954
		017	<i>Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау</i>	685 006
	221		Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі	40 435
		060	<i>Сот-сараптама кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау</i>	40 435
	225		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	815 935 611
		001	<i>Білім беру және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру</i>	9 453 306
		017	<i>Инновациялық мүмкіндіктер және білім беруді жаңғырту: елдің орнықты дамуы үшін экологиялық мәдениетке бастар жол</i>	627 808
		060	<i>«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ-ға нысаналы салым</i>	26 120 728
		092	<i>«Назарбаев Университеті» ДБҰ-ға нысаналы салым</i>	7 690 899

		098	Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруге қолжетімділікті қамтамасыз ету	58 680 020
		099	Сапалы мектеп біліміне қолжетімділікті қамтамасыз ету	381 784 140
		203	Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету	68 947 350
		204	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету	255 534 647
		221	Мектепке дейінгі мемлекеттік білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау	281 587
		222	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау	4 460 435
Функционалдық топ		Атауы		Сомасы, мың теңге
	Әкімші			
	Бағдарлама			
		223	Техникалық және кәсіптік білім беру мемлекеттік ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау	295 395
		224	Мемлекеттік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау	1 007
		226	Өнімді инновацияларды ынталандыру	719 152
		227	Орта білім беруді жаңғырту	1 339 137
	226		Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	32 038 298
		003	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	605 773
		005	Денсаулық сақтау ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	1 017 305
		006	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	29 968 559
